

Ресми рецензент Жанбубекова Мейрамгуль Зейнегабуловнаның  
8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы  
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Алпысбаева Нургуль  
Саркытбековнаның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді  
құралдарын пайдалануға даярлау» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі

| р/н № | Критерийлер  | Критерийлер сәйкестігі   | Ресми рецензенттің ұстанымы   |
|-------|--|--|---|
| 1.    | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:  | Қазақстан Республикасында білім беру жүйесін жаңғырту, цифрландыру және педагог кадрлардың сапасын арттыру бағытында жүргізіліп жатқан реформалар болашақ мұғалімдерді даярлау мазмұнына жаңа талаптар қойып отыр. Диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасы «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарында, Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандартында, сондай-ақ Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында айқындалған басым бағыттармен толық сәйкес келеді. Аталған мемлекеттік құжаттарда білім беру үдерісін цифрландыру, оқытудың инновациялық әдістері мен құралдарын енгізу, педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру міндеттері нақты көрсетілген. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың білім беру сапасын арттыру, педагогикалық білім беру бағдарламаларын заманауи талаптарға сай жетілдіру жөніндегі тұжырымдары да зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындай түседі. Осыған орай, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау мәселесі ғылымның даму бағыттарына, білім беру саласындағы мемлекеттік саясатқа және педагогикалық кадрларды даярлаудың стратегиялық міндеттеріне толық сай келетін маңызды ғылыми-тәжірибелік мәселе болып табылады. |
|       |  | 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);<br>2) Диссертация басқа | Н.С. Алпысбаеваның диссертациялық жұмысы ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес орындалған. Зерттеу жұмысы 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған.  |

|    |                     |  |  |
|----|---------------------|--|--|
|    |                     | <p>мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)<br/> 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p> |  |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | <p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>   | <p>Диссертанттың диссертациялық жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p> <p>Диссертанттың зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми және тәжірибелік нәтижелері педагогика ғылымының, оның ішінде бастауыш білім беру педагогикасы мен оқыту әдістемесінің дамуына елеулі ықпал етеді. Атап айтқанда, бұл жетістіктер болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлау үдерісін жетілдіруге маңызды негіз болып, зерттеудің білім беру жүйесіндегі өзектілігі мен маңызын айқындай түседі.</p> <p>Бірінші, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындау, сондай-ақ зерттеу мәселесіне қатысты дереккөздерді зерделеу негізінде «оқытудың интербелсенді құралдары» ұғымының мән-мағынасының нақтылануы диссертациялық жұмыстың ғылыми құндылығын арттырып, педагогика ғылымына елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p> <p>Екінші, білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың мәні мен ерекшеліктерінің ғылыми тұрғыда негізделуі зерттеу жұмысының теориялық маңызын арттырып, педагогика ғылымына елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған.</p> <p>Үшінші, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдістемесі мен құрылымдық-мазмұндық моделінің әзірленуі зерттеу жұмысының ғылыми құндылығын арттырып, педагогика ғылымы мен білім беру тәжірибесіне елеулі үлес қосады және оның</p> |

|    |                      |  |   |
|----|----------------------|--|---|
|    |                      |  | <p>маңыздылығы ашылған. Төртінші, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдістемесі, құрылымдық-мазмұндық моделі мен оқу-әдістемелік кешенінің тиімділігінің эксперимент жүзінде дәлелденуі және ғылыми-әдістемелік ұсыныстардың берілуі зерттеу жұмысының ғылыми-практикалық мәнін арттырып, педагогика ғылымына елеулі үлес қосады және оның маңыздылығы ашылған. Яғни жұмыстың ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы жеткілікті дәрежеде ашылған.</p>   |
| 3. | Өзі жазу принципі    | <p>Өзі жазу деңгейі:<br/> <b>1) жоғары;</b><br/> 2) орташа;<br/> 3) төмен;<br/> 4) өзі жазбаған</p>                                | <p>Диссертанттың ғылыми жұмысты өз бетінше орындау деңгейі <b>жоғары</b>, ғылыми баяндау стилін жетік меңгерген. Зерттеу жұмысының көкейкесті мәселелері өз шешімін тапқан. Диссертациялық жұмыстағы анықтамалар, ой-пікірлер, негізгі ұғымдарға және ғылыми әдебиеттерге жасалған талдаулар, сондай-ақ зерттеу нәтижелері автордың өзіндік тұжырымдарымен қорытындыланған.</p>   |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br/> <b>1) негізделген;</b><br/> 2) жартылай негізделген;<br/> 3) негізделмеген.</p> | <p>Н. Алпысбаеваның диссертациясының өзектілігі <b>толықтай негізделген</b>. Автордың келтірген дәлелдері зерттеу тақырыбының жоғары маңыздылығын көрсетеді.<br/> <i>Біріншіден</i>, диссертация тақырыбы білім берудің қазіргі отандық және шетелдік парадигмалары тұрғысынан зерделеніп, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау мәселесі қоғамның стратегиялық даму міндеттерімен тығыз байланыста қарастырылған. Осы бағытта зерттеу жұмысы Қазақстандағы білім беру реформаларының басым бағдарларымен және әлемдік педагогикалық тәжірибелермен сабақтастықта жүзеге асырылған.<br/> <i>Екіншіден</i>, зерттеу барысында болашақ мұғалімдерді оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың ғылыми негізделген әдістемесі мен моделі ұсынылған. Аталған модель мұғалімнің мотивациялық, танымдық, операциялық-рефлексивтік компоненттерін дамытуға бағытталған. Мұндай құрылым болашақ мұғалімдердің</p> |

|  |  |   |
|--|--|---|
|  |  | <p>цифрлық-педагогикалық құзыреттілігін жүйелі түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді.</p> <p><i>Үшіншіден,</i> зерттеу нәтижелері оқу процесіне «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» атты арнайы курс бағдарламасын енгізу арқылы тәжірибелік тұрғыдан апробациядан өткізілген. Сонымен қатар, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлауға арналған оқу-әдістемелік кешеннің тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жұмыстары барысында он нәтижелермен айқындалған.</p> <p><i>Төртіншіден,</i> зерттеу жұмысының нәтижелері педагогикалық жоғары оқу орындарында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлау мазмұнын жетілдіруге, оқытудың интербелсенді құралдарын тиімді пайдалануға бағытталған әдістемелік қамтамасыз етуді жаңартуға нақты үлес қосады. Бұл зерттеудің маңыздылығы қазіргі білім беруді цифрландыру жағдайындағы педагогтерді даярлаудың өзекті қажеттіліктерімен толық сәйкес келеді.</p> |
|  | <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды</p> <p><b>1) айқындайды;</b></p> <p>2) жартылай айқындайды;</p> <p>3) айқындамайды</p> | <p>Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын <b>толық айқындайды.</b></p> <p>Докторанттың диссертациялық жұмысының мазмұны тақырыбын толық ашады. Докторанттың диссертациялық жұмысы құрылымдық және мазмұндық тұрғыдан жүйелі құрылған. Диссертация анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.</p> <p>Кіріспе бөлімінде автор зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздеп, жұмыстың мақсаты мен міндеттерін, зерттеу нысаны мен пәнін, теориялық-әдіснамалық негіздерін, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызын айқындаған.</p> <p>Бірінші тарауда «оқытудың интербелсенді құралдары» ұғымының ғылыми мәні ашылып, оның мазмұндық ерекшеліктеріне талдау жасалған. Сондай-ақ білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың мәні мен ерекшеліктері сипатталып, осы саладағы өзекті мәселелер</p>  |

|  |  |  |   |
|--|--|--|---|
|  |  |  | <p>сараланған. Сонымен бірге, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудағы отандық және шетелдік тәжірибелер жүйеленіп қарастырылған. Екінші тарауда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдіснамалық тұғырлары негізделіп, осы даярлықтың педагогикалық шарттары айқындалған. Сонымен бірге, аталған даярлықтың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, оның құрамдас бөліктері мен жүзеге асыру тетіктері ұсынылған. Үшінші тарауда зерттеу логикасы сипатталатып, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлығын диагностикалау мазмұны ашылған. Сондай-ақ, даярлаудың әдістемесі баяндалып, жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері талданған, ұсынылған әдістеме мен модельдің тиімділігі ғылыми тұрғыда дәлелденген және ұсыныстар берілген. Қорытынды бөлімде автор зерттеу нәтижелерін жинақтап, негізгі тұжырымдар жасалған.</p> |
|  |  | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:<br/> <b>1) сәйкес келеді;</b><br/> 2) жартылай сәйкес келеді;<br/> 3) сәйкес келмейді</p> | <p>Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері зерттеу тақырыбына толықтай <b>сәйкес келеді</b>. Мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық негіздемесін тұжырымдап, әдістемесін әзірлеу және оның тиімділігін педагогикалық эксперимент арқылы тексеру, әдістемелік ұсыныстар беру.</p> <p>Ол үшін келесі міндеттер қойылды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Оқытудың интербелсенді құралдары» ұғымының мән-мағынасын анықтау;</li> <li>2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық негіздерін зерделеу және білім беруді цифрландыру жағдайында даярлаудың мәні мен ерекшеліктерін айқындау;</li> <li>3. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесін әзірлеу;</li> <li>4. Әзірленген құрылымдық-мазмұндық модель мен әдістеменің тиімділігін</li> </ol>       |

|    |                            |   |   |
|----|----------------------------|---|---|
|    |                            |   | <p>эксперимент арқылы тексеру және әдістемелік ұсыныстар беру.</p> <p>Зерттеудің мақсаты мен қойылған міндеттеріне сәйкес оның барлық кезеңдері реттілікпен ұйымдастырылып, мазмұндық және логикалық тұрғыдан бірін-бірі толықтырып отырады.</p>  |
|    |                            | <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <p><b>1) толық байланысқан;</b><br/> <b>2) жартылай байланысқан;</b><br/> <b>3) байланыс жоқ</b></p>  | <p>Диссертациялық жұмыстың барлық тараулары мен тұжырымдары <b>толық өзара байланысты</b>. Жұмыстың ішкі тұтастығы айқын көрініс тауып, ғылыми талдаулар мен қорытындылар жүйелі түрде берілген. Алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігі автор жасаған қорытындылар арқылы дәлелденіп, зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді.</p>  |
|    |                            | <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><b>1) сыни талдау бар;</b><br/> <b>2) талдау жартылай жүргізілген;</b><br/> <b>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</b></p> | <p>Ізденуші зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен нормативтік құжаттарға <b>сыни талдаулар жүргізген</b>. Зерттеу нәтижесінде болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері, құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесі негізделген. Тәжірибелік-эксперимент жұмыстарының нәтижелері дәлелдемелік база негізінде сандық, сапалық және сыни талдау арқылы дәйектеліп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстыра бағаланған.</p>   |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b><br/> <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b><br/> <b>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</b></p>   | <p>Қорғауға ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттары <b>толығымен жаңа</b> болып табылады.</p> <p><b>Бірінші нәтиже - толығымен жаңа.</b> Психологиялық, педагогикалық және әдістемелік еңбектерді талдау барысында категориялық түйінді ойларды талдай отырып, «оқытудың интербелсенді құралдары» ұғымының мән-мағынасы нақтыланып, авторлық анықтама ұсынылған.</p> <p><b>Екінші нәтиже – толық жаңа.</b> Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың мәні мен ерекшеліктері ғылыми тұрғыда негізделген.</p> <p><b>Үшінші нәтиже – толығымен жаңа.</b> Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың әдістемесі, құрылымдық-мазмұндық моделі және оны қамтамасыз ететін «Бастауыш сыныптарда</p> |

|  |  |   |  |
|--|--|---|--|
|  |  |   | <p>оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» оқу-әдістемелік кешені, «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» оқу құралы және «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» ЭЕМ-ге арналған бағдарлама, әдістемелік нұсқаулық әзірлеген.</p> <p><b>Төртінші нәтиже – толығымен жаңа.</b></p> <p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың құрылымдық мазмұндық моделі мен оқу-әдістемелік кешеннің тиімділігі эксперимент арқылы тексеріліп, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген.</p>   |
|  |  | <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b><br/> <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b><br/> <b>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</b></p>                    | <p>Жүргізілген зерттеу негізінде жасалған диссертацияның қорытындылары <b>толығымен жаңа</b> болып табылады.</p> <p>Жүргізілген зерттеу негізінде тұжырымдалған диссертация қорытындылары ғылыми жаңалығымен сипатталады. Теориялық-әдіснамалық талдау барысында зерттеудің негізгі ұғымдарының құрылымы мен мазмұндық сипаты айқындалып, соның нәтижесінде дәйекті ғылыми тұжырымдар қалыптастырылған. Диссертацияның бірінші және екінші бөлімдерінде автордың зерттеу пәніне қатысты жаңа ғылыми білімге қол жеткізгені көрініс тапқан. Атап айтқанда, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері, педагогикалық шарттары, құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесі негізделген. Ал зерттеудің үшінші бөлімінде тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері ұсынылып, олар диссертацияда жасалған қорытындылардың жаңалығын, шынайылығын және тиімділігін дәлелдейді.</p> |
|  |  | <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b><br/> <b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b><br/> <b>3) жаңа емес (25% кем</b></p> | <p>Автор ұсынған болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың ғылыми-тәжірибелік үдерісінің негізі <b>толығымен жаңа және негізделген.</b> Бұл зерттеу жұмысы барысында жасалған тұжырымдармен, ендіру актісімен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс <b>нәтижелерімен</b> және ғылыми</p>  |

|    |                                      |  |  |
|----|--------------------------------------|--|--|
|    |                                      | жаңа болып табылады)   | жарияланымдармен расталады.  |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі  | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген/негізделмеген</b> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)   | Н.С.Алпысбаеваның зерттеу қорытындыларының негізділігі теориялық-әдіснамалық ұстанымдарға, философиялық, психологиялық және педагогикалық әдебиеттерді жан-жақты талдауға, диссертация мазмұнының зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігіне, теориялық және эмпирикалық әдістердің ұтымды үйлесіміне, эксперименттік зерттеу нәтижелерін сапалық және сандық талдаудың бірлікте қолданылуына, сондай-ақ диагностикалық әдістемелер, тәсілдер мен құралдардың кешенді пайдаланылуына <b>негізделген</b> . Зерттеудің негізгі ұғымдарын нақтылау психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде берілген теориялық анықтамаларға сүйене отырып жүзеге асырылған.  |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі ережелер | Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:<br>7.1 Ереже дәлелденді ме?<br>1) <b>дәлелденді</b> ;<br>2) шамамен дәлелденді;<br>3) шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді;<br>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.<br>7.2 Тривиалды ма?<br>1) ия;<br>2) <b>жоқ</b><br>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.<br>7.3 Жаңа ма?<br>1) ия;<br>2) жоқ;<br>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>2) орташа;<br>3) <b>кең</b><br>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.<br>7.5 Мақалада дәлелденген бе? | Диссертациялық жұмыстағы қорғауға ұсынылған <b>қағидаттар дәлелденген</b> . Жұмыс сипаты жағынан <b>тривиалды емес</b> , бұл зерттеу барысында алынған нақты нәтижелер арқылы расталады. Қойылған төрт міндет аясында қол жеткізілген ғылыми жаңалықтар қорғауға ұсынылған қағидаттардың мазмұнын айқындап, қорытынды ұсыныстар жасауға негіз болған.<br>Зерттеу нәтижелерінің қолданылу аясы <b>кең</b> . Өйткені болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері мен тәжірибелік нәтижелерін осы салада ғылыми ізденіс жүргізуші ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен педагог мамандар пайдалануға болады.<br>Н. Алпысбаеваның зерттеу жұмысының негізгі идеялары, қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындылары халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинағында, отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарық көрген 17 еңбекте қамтылған. Оның ішінде Scopus базасында енген басылымда 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда 4 мақала, халықаралық конференциялар материалдарының 10 |

|   |   |  |
|---|---|--|
|   | <p>1) ия;<br/>2) жоқ<br/>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>  | <p>жинағында, 1 оқу құралы, 1 ЭЕМ-ге арналған бағдарлама және әдістемелік нұсқаулық жарық көрген. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері бойынша 2 авторлық куәлік алған. Мақалаларда қағидалар дәлелді пайымдалған және диссертация мазмұнында сілтеме берілген.</p>   |
| <p>Дәйектілік қағидаты<br/>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p> | <p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br/><b>1) ия;</b><br/>2) жоқ</p>  | <p><b>Ия.</b> Ғылыми жұмыстың әдіснамасы негізделген, дәйектілік принципі толық сақталған. Ізденушінің диссертациялық жұмысындағы әдіснамалық аппарат дәйектілік ұстанымына және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтауда жүйелілік, тұлғалық-бағдарлы, іс-әрекеттік, құзыреттілік, ақпараттық және коммуникативтік тұғырлар негізге алынған.</p>   |
|   | <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br/><b>1) ия;</b><br/>2) жоқ</p> | <p><b>Ия.</b> Зерттеу жұмысында автор ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін, деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерін қолданды. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау деңгейлерін анықтау үшін студенттердің даярлығын диагностикалау әдістері Ф.М. Вейнен, Ж.Х. Валма ван дер Моленнің «Мұғалімдердің жаңа технологияларға көзқарасын анықтау» сауалнамасы; авторлық сауалнама; Т.Н. Францеваның «Кәсіби қызмет уәждерін анықтау сауалнамасы»; авторлық тест; Г.Ж. Ниязованың «Педагогтің цифрлық-әдістемелік құзыреттілігін диагностикалау» сауалнамасы; «Студенттердің сабақ жоспарына элементтерді енгізу деңгейін диагностикалау» авторлық сауалнама; Цифрлық платформаларда оқу тапсырмаларын әзірлеуге арналған диагностикалық тапсырмалар; А.С. Сатыбалдиева мен М. Жүністің «Цифрлық педагогикалық құзыреттілік сауалнамасының» бейімделген нұсқасы қолданылған.</p> |

|   |                               |   |  |
|---|-------------------------------|---|--|
|   |                               | <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;<br/>2) жоқ</p> | <p>Барлық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар әдістемелік моделімен тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелденген және негізделген. Тәжірибелі-эксперимент жұмысы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің және І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттерімен жүргізілді. Зерттеу жұмысының «Л» қосымшасында ұсынылған ендіру актісімен расталынған.</p> <p><b>Ия.</b> Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетеді.</p> |
|   |                               | <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған</p>   | <p>Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлауға қатысты психологиялық, педагогикалық, философиялық еңбектер, ҚР нормативтік-құқықтық құжаттары, отандық және алыс - жақын шетелдік ғалымдардың еңбектері, оқу-әдістемелік құралдар, әдістемелік нұсқаулықтар Scopus, Web of Science деректер қорына енетін журналдар, ҚР ҒжЖБ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдарға сілтеме жасау арқылы <b>расталған</b>.</p>                                  |
|   |                               | <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті/жеткіліксіз</b></p>   | <p>Тақырыпқа сай пайдаланылған ғылыми әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b>. 221 библиографиялық сипаттамадан және ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық және нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздердің жеткілікті тізімін ұсынады. Жұмыста отандық және шетелдік авторлардың еңбектерінің және пайдаланылған дереккөздердің тізімі берілген.</p>  |
| 9 | Практикалық құндылық қағидаты | <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) ия;<br/>2) жоқ</p>  | <p><b>Ия.</b> Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «Оқытудың интербелсенді құралдары» ұғымының мән-мағынасы нақтыланып, авторлық анықтама ұсынылған;</li> <li>- Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби даярлаудың мәні мен ерекшеліктері ғылыми тұрғыда негізделген;</li> <li>- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың құрылымдық-</li> </ul>   |

|     |                           |  |  |
|-----|---------------------------|--|--|
|     |                           |  | <p>мазмұндық моделі мен әдістемесі әзірленген;</p> <p>- Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен оқу-әдістемелік кешеннің тиімділігі эксперимент арқылы тексерілген.</p> <p>«Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» оқу-әдістемелік кешені, «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» оқу-құралы, ЭЕМ-ге арналған бағдарлама және әдістемелік нұсқаулық сынақтан өткізіліп ғылыми негізделген ұсыныстар берілген.</p>  |
|     |                           | <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p><b>1) ия;</b><br/><b>2) жоқ</b></p>   | <p><b>Ия,</b> диссертацияның практикалық маңыздылығы жоғары. Диссертациялық жұмыста ұсынылған «Бастауыш сыныптарда оқытудың интербелсенді құралдарын қолдану» таңдау курсының бағдарламасы практикалық тәжірибеде сәтті енгізілген, бұл оның қолдану мүмкіндіктерін нақты көрсетеді. Сонымен қатар, әзірленген оқу-әдістемелік кешен тәжірибеден өтіп, тиімділігі дәлелденген, бұл жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында болашақ педагогтарды даярлауда және қазіргі бастауыш сынып мұғалімдерінің біліктілігін арттыру, қайта даярлау жүйесінде қолдануға мүмкіндік береді. Жалпы, зерттеу нәтижелері практикалық мәні бар, білім беру үдерісінде тікелей қолдануға болады.</p> |
|     |                           | <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b><br/><b>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</b><br/><b>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</b></p> | <p>Диссертацияда келтірілген практикалық ұсыныстар <b>толығымен жаңа</b> болып табылады. Зерттеу нәтижелерін жоғары және арнайы орта оқу орындарында, мұғалімдер білімін жетілдіретін институттарда пайдалануға болады.</p>  |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | <p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p><b>1) жоғары;</b><br/><b>2) орташа;</b><br/><b>3) орташадан төмен;</b><br/><b>4) төмен.</b></p>   | <p>Диссертациялық жұмыстың академиялық жазылу сапасы <b>жоғары</b> деңгейде орындалған. Зерттеуде ғылыми баяндау стилі толық сақталып, материалдар жүйелі, нақты және сауатты ұсынылған. Диссертация ғылыми қызығушылық тудыратын, нақты материалдарға негізделген мазмұнды еңбек болып табылады. Жұмыс мазмұнында негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті дәрежеде көрініс тапқан.</p>   |

|    |   |  |
|----|---|--|
|    |   | Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми еңбектерге қойылатын талаптарға сәйкес келеді.  |
| 11 | Диссертацияға ескертулер  | Диссертациялық жұмыста әзірленген әдістеменің толыққанды сипатталуы назар аударарды. Алайда, әдістемені әр түрлі білім беру жағдайында (мысалы, онлайн форматта) пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру жұмысты одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсыныс болып табылады. Бұл ескертпе-ұсыныс зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңызын төмендетпейді.  |
| 12 | Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі | Докторант диссертациялық зерттеу аясында SCOPUS халықаралық базасына енген ғылыми журналдарда – 1 мақала; Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 4 мақала; Халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында – 10 мақала; 1 оқу құралы; 1 ЭЕМ-ге арналған бағдарлама барлығы 17 ғылыми еңбек жариялаған. Бұл жарияланымдар диссертациялық зерттеу тақырыбы мен мазмұнына толық сәйкес келеді. Жарияланымдардың сапасы мен саны PhD дәрежесін қорғау үшін белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді.   |
| 13 | Қорытынды   | 8D01301 – «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Нургуль Саркытбековна Алпысбаеваның «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін оқытудың интербелсенді құралдарын пайдалануға даярлау» атты диссертациялық жұмысы дербес ғылыми зерттеу болып табылады және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Дәрежелерді беру қағидаларының» қойылатын талаптарына сәйкес келеді. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге және диссертациялық жұмыстың ғылыми және практикалық маңыздылығына сүйене отырып, мен, ресми рецензент, диссертациялық жұмысты қорғауға және философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетіне ұсынуға болады деп есептеймін. |

Ресми рецензент:

Шәкәрім университетінің,  
профессоры м.а.,  
педагогика ғылымдарының докторы

М.З. Жанбубекова

